

## Бірлескен қазақстан-герман кәсіпорындарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1993 жылғы 31 наурыздағы N 113

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпминінің, "Қазавтоауылшармаш" және "КЭМПО" корпорацияларының герман жағы беріп тұратын тораптар мен жинақтаушы бұйымдардан мәшинелер мен механизмдерді құрастырудан бастап қуаттарды кезең-кезеңімен іске қоса отырып озық ауыл шаруашылық техникасы өндірісін ұйымдастыру үшін қосымшаға сәйкес бірлескен қазақстан-герман кәсіпорындарын (БК) құру жөніндегі бастамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономмині, Өнеркәсіпмині, "Қазавтоауылшармаш" және "КЭМПО" корпорациялары қазақстан-герман бірлескен кәсіпорындарын ұйымдастыру жобаларын Нарықты халық тұтынатын тауарлармен және азық-түлікпен молықтырудың ұлттық мемлекеттік бағдарламасына енгізетін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Меммүліккомы құрылатын бірлескен кәсіпорындардың жарғылық қорының мемлекеттік үлесін белгіленген тәртіппен анықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржымині мен Қазақстан Әлем Банкі: прогресті ауыл шаруашылық техникасын шығаратын қазақстан-герман

бірлескен кәсіпорындарын құруға арнап герман жағы бөлетін кредитті өтеу жөніндегі мемлекеттік кепілдіктердің жобасын Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне табыс етсін;

қазақстан-герман бірлескен кәсіпорындарын құру жобаларын қаржыландыру жөнінде Германияның банктерімен жеке кредит келісімдерін әзірлеп, жасасатын болсын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
1993 жылғы 31 наурыздағы  
N 113 Өкіміне  
қосымша

Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен Германия фирмаларының қатысуымен құрылатын бірлескен

кәсіпорындардың (БК) әріптестері және қажетті кредиттер

Жобаның атауы	Әріптестер
	Қазақстан Республикасы Германия
1	2   3

I-кезең (1993 жылдан басталады)

1. Астық пен тұқым өңдеуге арналған техника өндіру жөніндегі БК Ақмола мәшине жасау зауыты, "Қазавтоауылшар. Вута-Фаррода" корпорациясы Петкус Вута, Германия қаласы
2. Сиыр сауатын қондырғылар өндіру жөніндегі БК Көкшетау ОТА зауыты, "Қазавтоауыл. Эльстерверда шармаш" корпорациясы Импульса АГ, Германия қаласы
3. Сүт ағынын салқындататын қондырғы өндіру жөніндегі БК Алматы "Гидромаш" зауыты, "Қазавтоауылшармаш" Эльстерверда корпорациясы Импульса АГ, Германия қаласы

Бірінші кезең бойынша жиыны

II-кезең (1994 жылдан басталады)

1. Жемшөп жинайтын техника өндіру жөніндегі БК "Манкентауылмаш" ӨБ, Белые-Воды селосы, Нойштадт "Қазавтоауылшармаш" корпорациясы Фортшритт, Германия қаласы
2. Жемшөп жинайтын комбайндар өндіру жөніндегі БК Ақмола "Қазақ ауылмаш" зауыты, "Қазавтоауыл. Шенебек шармаш" корпорациясы Ландтехника АГ, Германия қаласы

II-кезең бойынша жиыны

Барлығы

Кредит мөлшері млн. ДМ (ГФР маркасы)

	Оның ішінде жылдар бойынша					
	1993	1994	1995	1996	1997	
Барлығы	4	5	6	7	8	9
1.	69	26	25	18		
2.	15	5,251	5,349	4,4		
3.	22	7,951	6,949	7,1		
Бірінші кезең бойынша жиыны						
	106	39,202	37,298	29,5		
1.	77	-	24	28	25	
2.	122	-	11,2	40,8	45	25
II-кезең бойынша жиыны						
	199	-	35,2	68,8	70	25
Барлығы	305	39,202	72,498	98,3	70	25